	<p>көрсету. Дәптерде берілген тапсырмалармен жұмыс істеу қабілетін арттыру. Балалардың зейінімен талқылау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. Сұрақ-жауап 2. Үлестірмелі құралдармен жұмыс жасау 3. Сергіту сәті. 4. Дамытушы ойын: «Топка біріктіру» Заттарды ортақ қасиеті бойынша топтастырып біріктіру.</p> <p><b>3. Дене шынықтыру.</b> <b>Тақырыбы: Спорт залда ойнаймыз.</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың көңіл-күйін көтеру, сабаққа деген ынтасын арттыру. Балалардың спортқа қызығушылығын ояту. Балалар тәрбиешінің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгерту арқылы, шашырап, заттар арасымен, адымдай алға қарай жүре ала біледі. <b>Құралдар:</b> доп, секіртпе, кеглдер. <b>4. Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы : Білімнің - бұлағың, (өлең)</b></p>	<p>материалдан жасалған заттарды топтастыра білуге үйрету.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. жұмбақ жасыру 2. әңгімелесу 3. балаларға сурет бойынша әңгімелеп түсіндіру 4. Дидактикалық ойын: «Қауіпті заттарды тап» 5. Дамытушы ойын: №8 Еркін ойын <b>3. Қазақ тілі</b> <b>Тақырыбы: Менің балабақшам</b> <b>Мақсаты:</b> Балабақшаға деген сүйіспеншілігін дамыту, үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету, айналасындағы адамдарды жақсы көруге тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. Сұрақ-жауап 2. Балабақша туралы мазмұнды суреттер бойынша түсінік беру. 3. Балабақша туралы өлеңді жаттату 4. Дидактикалық ойын: «Балабақшада қандай мамандар қызмет жасайды?» <b>4. Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b></p>	<p>ұғымынан бірді және екінші бөліп алу. Бір, екі цифрын жазуға үйрету. Ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. Сұрақ-жауап 2. Түсіндіру 3. Көрсету 4. Сергіту сәті 5. Дамытушы ойын: «Қайсысы көп және қайсысы біреу» 6. Дәптермен жұмыс <b>3. Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы : «Күз жомарт» Өлең, (Ермек Өтетілеуұлы)</b> <b>Мақсаты:</b> Күз мезгілі туралы білімдерін тиянақтау. Ырыс, құт-береке, молшылық сөздерінің мағынасын түсіндіру, сөздік қорын молайту. Байланыстырып сөйлеу, тіл байлығын арттыру. Көркем талғамын, қимыл-қозғалысын дамыту. Адамдар еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. Әңгімелесу 2. Сұрақ-жауап 3. Ойын 4. Өз-өздерін бағалау <b>4. Дене шынықтыру</b></p>	<p>жұмыстарының қарапайым дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. жұмбақ жасыру 2. әңгімелесу 3. балаларға сурет бойынша әңгімелеп түсіндіру 4. Дамытушы ойын: «Қандай ағаш көріп тұрсың?» Еркін ойын <b>3. Қазақ тілі</b> <b>Тақырыбы:</b> <b>«Балабақша бөлмелері»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға балабақша бөлмелерінің атын дұрыс айтуға үйрету. Балабақша туралы шағын мәтін құруға үйрету. <b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. Сұрақ-жауап 2. Балабақша бөлмелері туралы мазмұнды суреттер бойынша түсінік беру. 3. Балабақша бөлмелері туралы шағын әңгімелеу. 4. Дамытушы ойын: «Балабақша бөлмелерін ата» <b>4. Музыка</b> <b>Тақырыбы: «Білімнің бұлағы»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар тыңдалған шығарманың эмоционалдық мазмұнын, көңіл-күйін</p>	<p><b>3. Жапсыру</b> <b>Тақырыбы: «Көшедегі үйлер. Біздің үй»</b> <b>Мақсаты:</b> Ұжымдық жұмыс дағдысын қалыптастыру, көп қабатты және бір қабатты үйлерге арналған бөлшектерді құрастыруға, кеңістікте орналастыру қалпын білуге үйрету, өз жоспары бойынша дағдыландыру. <b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. Үйді жапсыру жолдарын түсіндіру 2. Материалдарымен жұмыстүрлерінің әдіс-тәсілдерін ұсыну. 3. Өз іс-тәжірибелерін пайдалануға бағыт беру 4. Ойын іс-әрекетімен жалғастыру. <b>4. Дене шынықтыру.</b> <b>Тақырыбы: «Күлкі сыйла»</b> <b>Мақсаты:</b> Баланың өз мінезіне басшылық жасай алуын қалыптастыру. Көтеріңкі көңіл-күйін жағымды арнаға түсіруге баулу. Көтеріңкі көңіл-күйдің айналасындағыларға әсерін түсініп, сезінуге тәрбиелеу.</p>
--	--	--	---	--	--

	<p><b>Мақсаты:</b> «Білімнің бұлағын» өлеңін оқып, үйретіп, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Барлық адамдардың ақын да, ғалым да бәрі мектептен, балабақшадан білім алатыны туралы балаларға айтып түсіндіру. Өлең арқылы ақылды, білімді олып өсуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсіл:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. сұрақ-жауап</li> <li>2. Мектеп, отбасы, бала туралы мазмұнды суреттер бойынша түсінік беру</li> <li>3. өлеңді қайталап, жаттау</li> <li>4. Дидактикалық ойын: «Болады, болмайды»</li> </ol>	<p><b>«Білімнің бұлағы»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар тыңдалған шығарманың эмоционалдық мазмұнын, көңіл-күйін ажыратады. Қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындайды. Әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратады.</p>	<p><b>Тақырыбы:</b></p> <p><b>«Денсаулық құпиялары»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың өздерінің денсаулығына жаңаша көзқараспен қарап, оны сақтауға үйрету, балалардың өз денсаулықтарын сақтауға, тазалыққа, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.</p>	<p>ажыратады. Қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындайды. Әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратады.</p>	
<b>Серуен</b>	Серуен №1	Серуен №2	Серуен №3	Серуен №4	Серуен №5
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Балаларды партаға әдемі, тік отыруға үйрету.	Қарындаштарын дұрыс ұстай білуге үйрету.	Балаларға тақпақты қайталап айтып, жаттауға үйрету.	Оқу құралдарын ұқыпты пайдалана білуге үйрету.	Еңбекке баулу: Гүлдерді суару, ойыншықтарды сөреге жинау

<b>«Сау болындар» балалармен, ата-аналармен қарым-қатынас. Ертеңге дейін . . .</b>	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу .	Балаларды сабаққа ерте әкеліп , қараусыз қалдырып кетпеу	Балалардың тазалығы жөнінде ескертпе айту	Ата-аналарға кеңес: «үйде ойын бұрышын ұйымдастыру»	Жобаны таныстыру. «Менің отбасым тақырыбына көрме ұйымдастыру»
--	--	--	---	---	--

Бекітемін: *Hand*

**ЦИКЛОГРАММА**

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің мектепалды даярлық «В»сыныбы

Қаңтар айы ( 09.01-13.01.2023ж.) ІІ-апта

Тәрбиеші: Сарбалдина А.Ж

Күн тәртібі және оның қысқаша мазмұны	Апта күндері				
	<u>Дүйсенбі</u>	<u>Сейсенбі</u>	<u>Сәрсенбі</u>	<u>Бейсенбі</u>	<u>Жұма</u>
	1.Сауат ашу негіздері 2.Математика негіздері 3.Дене шынықтыру 4.Көркем әдебиет	1.Сауат ашу негіздері 2.Қоршаған ортамен таныстыру 3.Қазақ тілі 4.Музыка	1.Сөйлеуді дамыту 2.Математика негіздері 3.Көркем әдебиет 4.Дене шынықтыру-	1. Сауат ашу негіздері 2.Қоршаған ортамен таныстыру 3.Қазақ тілі 4.Музыка	1.Сөйлеуді дамыту 2.Математика негіздері 3. Жапсыру 4.Дене шынықтыру
Сәлеметсіз бе, балалар! Танертеңгілік шеңбер. Ойындар. Гигиеналық шаралар. Сынып тазалығы. Топ бойынша: біріккен қызықты, іс-шаралар	<b>Шаттық шеңбер:</b> Қуан, шаттаң Қуан, шаттаң Қуанатын күн бүгін Қайырлы таң, қайырлы таң, Күліп шықты күн бүгін Әнұран орындау	<b>Шаттық шеңбер:</b> Қуанамын менде, Қуанасың сенде, Қуанайық достарым. Арайлап атқан күнге, Бүгінгі күніміз сәтті өтсін Бәріңізге сәттілік тілеймін.	<b>Шаттық шеңбер</b> Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз, Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн балалар!:	<b>Шаттық шеңбер:</b> «Сәлем, достар» Дид/ойын: «артығын тап»	<b>Ойын жаттығу:</b> «Кездестік». Дид/ойын: «көп ойла, сөз ойла».
«Ойнай отырып оқимыз» Кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	<b>1.Сауат ашу Тақырыбы:</b> Дыбыстық талдау. [с] <b>Мақсаты:</b> 1. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта	<b>1.Сауат ашу Тақырыбы:</b> Дыбыстық талдау. [л] <b>Мақсаты:</b> 1. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге	<b>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:</b> Қыс <b>Мақсаты:</b> Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы	<b>1.Сауат ашу Тақырыбы:</b> Сөздерді буынға бөлеміз. <b>Мақсаты:</b> 1. Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген	<b>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:</b> Ажарлы қыс. <b>Мақсаты:</b> «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме

<p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. жұмбақ жасыру 2. сұрақ-жауап 3. видео-роликпен жұмыс 4. Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?» Тәрбиеші жетекшілігімен жүргізілетін ойын. 5. дәптермен жұмыс</p> <p><b>2. Математика негіздері:</b> <b>Тақырыбы:</b> Заттарды салмағы бойынша салыстыру. <b>Мақсаты:</b> «Жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету; заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; кеңістікте орналасуды сипаттау білігін дамыту жұмысын жалғастыру; зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдыларын дамыту. Дербестікке тәрбиелеу <b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. Сұрақ-жауап 2. Үлестірмелі құралдармен жұмыс жасау 3. Сергіту сәті. 4. Дамытушы ойын: «Топқа біріктіру»</p>	<p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. жұмбақ жасыру 2. сұрақ-жауап 3. видео-роликпен жұмыс 4. Дидактикалық ойын: «Кім көп сөз айта алады?» 5. дәптермен жұмыс Бақылау. Бағалау «Үш шапалақ»</p> <p><b>2. Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Күз және қыс мезгілдеріндегі жабайы жануарлардың тіршілігі. <b>Мақсаты:</b> Жануарлардың тіршілігіндегі күзгі, қысқы өзгерістермен, олардың тіршілігімен таныстыру; жануарлардың қысқа калай дайындалатыны туралы түсінік беру. Жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу <b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. жұмбақ жасыру 2. әңгімелесу 3. балаларға сурет бойынша әңгімелеп түсіндіру 4. Дидактикалық ойын: «Қауіпті заттарды тап»</p>	<p>4. Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?» Тәрбиеші жетекшілігімен жүргізілетін ойын; коммуникативтілікті дамыту; 5. дәптермен жұмыс <b>2. Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Бүтін және бөлік <b>Мақсаты:</b> Түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту; бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды салыстыру білігін қалыптастыруды жалғастыру. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу <b>3. Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> «Шұбар тауық» (театрлан-дырылған ойын) <b>Мақсаты:</b> Театрландырылған қойылым арқылы балалар тілін дамыту, сөздік қорын молайту, ауызша сөйлегенде дыбыстарды анық айтуға үйрету, кейіпкерлердің іс-</p>	<p>3. сұрақ-жауап 4. Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?» Тәрбиеші жетекшілігімен жүргізілетін ойын; 5. дәптермен жұмыс Бақылау. Бағалау «Үш шапалақ» <b>2. Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Күз және қыс мезгілдеріндегі жабайы жануарлардың тіршілігі. <b>Мақсаты:</b> Жануарлардың тіршілігіндегі күзгі, қысқы өзгерістермен, олардың тіршілігімен таныстыру; жануарлардың қысқа калай дайындалатыны туралы түсінік беру. Жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу <b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. жұмбақ жасыру 2. әңгімелесу 3. балаларға сурет бойынша әңгімелеп түсіндір 4. Дамытушы ойын: «Қандай ағаш көріп тұрсың?» Еркін ойын</p>	<p>5. Сергіту сәті 6. Ойындар</p> <p><b>2. Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Бүтін және бөлік <b>Мақсаты:</b> Түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту; бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды салыстыру білігін қалыптастыруды жалғастыру. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу <b>3. Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> Тостаған (Акварель бояу) <b>Мақсаты:</b> Білімділік: балаларға тостаған және оған құйылатын сусындар туралы білім беру; дамытушылық: қыпқаламды пайдалана отырып затты безендіруде түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту; тәрбиелік: жұмыс барысында икемділікке тәрбиелеу <b>4. Дене шынықтыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Наурызым қорығы»</p>
---	--	--	---	---

<p>Заттарды ортақ қасиеті бойынша топтастырып біріктіру.</p> <p><b>3. Дене шынықтыру.</b>  <b>Тақырыбы:</b> Керуен  <b>Мақсаты:</b> 3 м арақашықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруға үйрету. Өртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту. Өкшемен отырып, ұсақ заттарды (тастарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту.</p> <p><b>4. Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Шұбар тауық» (театрлан-дырылған ойын)  <b>Мақсаты:</b> Театрландырылған қойылым арқылы балалар тілін дамыту, сөздік қорын молайту, ауызша</p>	<p>5. Дамытушы ойын: №8 Еркін ойын</p> <p><b>3. Қазақ тілі</b>  <b>Тақырыбы:</b> Жана Жыл құтты болсын!  <b>Мақсаты:</b> Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жесөздік қорларын жана сөздермен толықтыру. Сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамытуды жалғастыр. Жана Жыл мерекесіне деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.</p> <p><b>4. Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> Егеменді елім.  <b>Мақсаты:</b> Өннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, өннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:</p>	<p>әрекеті мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу, ертегі барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету, адамгершілікке, қайырымды болуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b>  1. Өңгімелесу  2. Сұрақ-жауап  3. Ойын  4. Өз-өздерін бағалау</p> <p><b>4. Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Наурызым қорығы»  <b>Мақсаты:</b> Баланың кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдау) қабілеттерін дамыту. 2.5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету. Бөрене үстінде төрттағандан еңбектеуге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Із салынған суреттің үстін басып жүруге жаттықтыруды жалғастыру. Баланың</p>	<p><b>3. Қазақ тілі</b>  <b>Тақырыбы:</b> Қысқы орманға саяхат.  <b>Мақсаты:</b> Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту</p> <p><b>4. Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> Айнала ақшақар  <b>Мақсаты:</b> Өннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, өннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту. Ойын арқылы балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Баланың кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдау) қабілеттерін дамыту. 2.5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету. Бөрене үстінде төрттағандан еңбектеуге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Із салынған суреттің үстін басып жүруге жаттықтыруды жалғастыру. Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру. Баланың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру және адамгершілікке, экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу.</p>
---	--	--	--	---

	<p>сөйлегенде дыбыстарды анық айтуға үйрету, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу, ертегі барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету, адамгершілікке, қайырымды болуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсіл:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. сұрақ-жауап</li> <li>2. Әдептілік әлемі туралы мазмұнды суреттер бойынша түсінік беру</li> <li>3. өленді қайталап, жаттау</li> <li>4. Дидактикалық ойын: «Болады, болмайды»</li> </ol>	<p>қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту. Ойын арқылы балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу</p>	<p>денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру. Баланың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру және адамгершілікке, экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу.</p>		
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Балаларды партаға әдемі, тік отыруға үйрету.</p>	<p>Қарындаштарын дұрыс ұстай білуге үйрету.</p>	<p>Балаларға тақпақты қайталап айтып, жаттауға үйрету.</p>	<p>Оқу құралдарын ұқыпты пайдалана білуге үйрету.</p>	<p>Еңбекке баулу: Гүлдерді суару, ойыншықтарды сөреге жинау</p>

Бекітемін: *Hand*

ЦИКЛОГРАММА

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің мектепалды даярлық «А» сыныбы  
Қаңтар айы ( 16.01– 20.01.2023ж.) ІІІ-апта  
Тәрбиеші: Орыналиева Б.С.

Күн тәртібі және оның қысқаша мазмұны	Апта күндері				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жума
	1.Сауат ашу негіздері 2.Математика негіздері 3.Дене шынықтыру 4.Көркем әдебиет	1.Сауат ашу негіздері 2.Қоршаған ортамен таныстыру 3.Қазақ тілі 4.Музыка	1.Сөйлеуді дамыту 2.Математика негіздері 3.Көркем әдебиет 4.Дене шынықтыру-	1. Сауат ашу негіздері-1 2.Қоршаған ортамен таныстыру 3.Қазақ тілі 4.Музыка	1.Сөйлеуді дамыту 2.Математика негіздері 3.Мүсіндеу 4.Дене шынықтыру
Сәлеметсіз бе, балалар! Таңертеңгілік шеңбер. Ойындар. Гигиеналық шаралар. Сынып тазалығы. Топ бойынша: біріккен қызықты, іс-шаралар	Сәлем,достар! «Санамак» ойыны Мақсаты : кіші моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту	Сәлем,достар! Ойын жаттығу: Ойын: «Сымсыз телефон» Шарты: Естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізу	Сәлем,достар! Шаттанамын, күлемін Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Сәлем, достар! Дид/ойын: «Жұбын тап»	Сәлем,достар! «Сыйлығымды ал!» Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды ал! Ойын жаттығулары: «Отбасы мүшелерін ата».
«Ойнай отырып оқимыз» Кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	1.Сауат ашу негіздері: Тақырыбы: Ойнай отырып оқимыз [к] Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту. 2. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту. 3. Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді	1.Сауат ашу негіздері: Тақырыбы: Біз нені үйрендік,нені білдік? Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. 2. Сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру. 3. Дербес жұмыс істеу алуға және	1.Сөйлеуді дамыту: Тақырыбы: «Су торғайы» Міндеттері: Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету. Құрастыру қабілеттерін шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту Құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу. Әдіс- тәсілдері: 1. Сұрақ- жауап 2. Көрнекілікпен жұмыс.	1.Сауат ашу негіздері: Тақырыбы: Дыбыстық талдау Міндеттері: 1. Сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету. 2. Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршау, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту. 3. Дұрыс отыру, дұрыс жазу	1.Сөйлеуді дамыту: Тақырыбы:«Қыс қызығы» Міндеттері:Қыс белгілері жайлы әңгімелесу.Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу. Әдіс- тәсілдері: 1. Сұрақ- жауап 2. Көрнекілікпен жұмыс. 3. Жұмбақ жасыру. 4. Сергіту сәті.

	<p>білуге жаттықтыру.</p> <p>2. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту арқылы сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.</p> <p>3. Ұсақ қол моторикасына арналған тапсырмаларды орындату арқылы шыдамдылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. жұмбақ жасыру</li> <li>2. сұрақ-жауап</li> <li>3. видео-роликпен жұмыс</li> <li>4. Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?» Тәрбиеші жетекшілігімен жүргізілетін ойын.</li> <li>5. дәптермен жұмыс</li> </ol> <p><b>2. Математика негіздері:</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Қағаз бетінде бағдарлау</p>	<p>Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту арқылы сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.</p> <p>3. Ұсақ қол моторикасына арналған тапсырмаларды орындату арқылы шыдамдылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. жұмбақ жасыру</li> <li>2. сұрақ-жауап</li> <li>3. видео-роликпен жұмыс</li> <li>4. Дидактикалық ойын: «Кім көп сөз айта алады?»</li> <li>5. дәптермен жұмыс</li> </ol> <p><b>Бақылау. Бағалау «Үш шапалақ»</b></p> <p><b>2. Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі</p> <p><b>Мақсаты:</b> Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын</p>	<p>айырмашылықтарды ажырата білуге баулу.</p> <p>Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту</p> <p>Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. жұмбақ жасыру</li> <li>2. сұрақ-жауап</li> <li>3. видео-роликпен жұмыс</li> <li>4. Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?» Тәрбиеші жетекшілігімен жүргізілетін ойын; коммуникативтілікті дамыту;</li> <li>5. дәптермен жұмыс</li> </ol> <p><b>2. Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Қағаз бетінде бағдарлау</p> <p><b>Мақсаты:</b> қағаз бетінде бағдарлауға (жоғарыда, төменде, оң жағында, сол жағында) қалыптастыру; қағаз бетінде бағдарлау (жоғары, төмен,</p>	<p>үйрету.</p> <p>2. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Түсіндіру</li> <li>2. жұмбақ жасыру</li> <li>3. сұрақ-жауап</li> <li>4. Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?» Тәрбиеші жетекшілігімен жүргізілетін ойын;</li> <li>5. дәптермен жұмыс</li> </ol> <p><b>Бақылау. Бағалау «Үш шапалақ»</b></p> <p><b>2. Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Жануарлардың тіршілігі үшін не қажет?</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік</p>	<p>үйрету. Әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту.</p> <p>Балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Көрсету</li> <li>2. Түсіндіру</li> <li>3. Сұрақ-жауап</li> <li>4. Әңгімелесу</li> <li>5. Сергіту сәті</li> <li>6. Ойындар</li> </ol> <p><b>2. Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Кеше, бүгін, ертең, бүгінгі күн. Танертен, күндіз, кеш, түн</p> <p><b>Мақсаты:</b> уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: кеше, бүгін, ертең, бүгінгі күн; танертен, күндіз, кеш, түн. Зейін мен жақты дамыту.</p> <p>Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>
--	---	---	--	---	---

	<p><b>Мақсаты:</b> қағаз бетінде бағдарлауға (жоғарыда, төменде, оң жағында, сол жағында) қалыптастыру; қағаз бетінде бағдарлау (жоғары, төмен, ортасы, оң жақ, сол жақ) дағдыларын дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сұрақ-жауап</li> <li>2. Үлестірмелі құралдармен жұмыс жасау</li> <li>3. Сергіту сәті.</li> <li>4. Дамытушы ойын: «Топқа біріктіру» Заттарды ортақ қасиеті бойынша топтастырып біріктіру.</li> </ol> <p><b>3. Дене шынықтыру.</b></p>	<p>қызметімен таныстыру. Қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру, тазалыққа, жинақылыққа баулу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. жұмбақ жасыру</li> <li>2. әңгімелесу</li> <li>3. балаларға сурет бойынша әңгімелеп түсіндіру</li> <li>4. Дидактикалық ойын: «Қауіпті заттарды тап»</li> <li>5. Дамытушы ойын: №8 Еркін ойын</li> </ol> <p><b>3. Қазақ тілі</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік Елтаңба</p> <p><b>Мақсаты:</b> Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің</p>	<p>ортасы, оң жақ, сол жақ) дағдыларын дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сұрақ-жауап</li> <li>2. Түсіндіру</li> <li>3. Көрсету</li> <li>4. Сергіту сәті</li> <li>5. Дәптермен жұмыс</li> </ol> <p><b>3. Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Жақсы мен жаман (өленді жаттау) Рақым Тышқанбаев</p> <p><b>Мақсаты:</b> Өленді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру. Сюжет бойынша</p>	<p>етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау. Олардың зейін қойып тындау, көзбен көргенін естеу сақтау және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту. Зерттеушілік мәдениетін дамыту.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. жұмбақ жасыру</li> <li>2. әңгімелесу</li> <li>3. балаларға сурет бойынша әңгімелеп түсіндір</li> <li>4. Дамытушы ойын: «Қандай жануарлар көріп тұрсың?»</li> </ol> <p><b>3. Қазақ тілі</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан</p> <p><b>Мақсаты:</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше</p>	<p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сұрақ-жауап</li> <li>2. Түсіндіру</li> <li>3. Көрсет</li> <li>4. Сергіту сәті</li> <li>5. Дәптермен жұмыс</li> </ol> <p><b>3</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Жануар құлақтар</p> <p><b>Мақсаты:</b> кеңістікте орналастыра білуге үйрету; баланың ой-қиялын дамыту; қол, саусақ қимылдарын жетілдіру; табиғат әсемдігін көре білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Санырау-құлақтар жапсыру жолдарын түсіндіру</li> <li>2. Материалдарымен жұмыстурлерінің әдіс-тәсілдерін ұсыну.</li> <li>3. Өз іс-тәжірибелерін пайдалануға бағыт беру</li> <li>4. Ойын іс-әрекетімен жалғастыру.</li> </ol> <p><b>4. Дене шынықтыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Менің көңілді добым</p> <p><b>Мақсаты:</b> Доппен</p>
--	---	---	---	---	---

	<p><b>Тақырыбы:</b> Тату-тәтті баламыз!»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру. Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді жетілдіру.</p> <p><b>4.Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>«Күнді іздеген достар»</p>	<p>көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. казак тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <p>1.Сұрақ-жауап</p> <p>2. Мемлекттік рәміздер туралы мазмұнды суреттер бойынша түсінік беру.</p> <p>3. Мемлекттік рәміздер туралы әленді жаттату</p> <p>4. Дидактикалық ойын:</p> <p><b>4. Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Қысқы әуен сыңғырлайды.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Қолмен музыка бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-</p>	<p>шығармашылықпен әнгімелеуде эпитеттерді, тенеулерді қолдану, ойлау қабілеттерін дамыту. Жақсы тұлға болып өсуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <p>1. Әңгімелесу</p> <p>2. Сұрақ-жауап</p> <p>3. Ойын</p> <p>4. Өз-өздерін бағалау</p> <p><b>4. Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Менің көңілді добым</p> <p><b>Мақсаты:</b> Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту. Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді</p>	<p>түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Қандай? сұрағына жауап беру дағдысын дамыту. Қазак тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. елорданы мақтан тұтуға тәрбиелеу</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <p>1. Сұрақ-жауап</p> <p>2. Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан туралы мазмұнды суреттер бойынша түсінік беру.</p> <p>3. Дамытушы ойын Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан туралы суреттер.</p> <p><b>4. Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Қысқы әуен сыңғырлайды.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Қолмен музыка бағытын (жоғары-төмен) көрсете</p>	<p>орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту. Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту. Екі тізенің ортасына допты қысып, екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Қолға допты ұстап, арқанның астымен түрлі тәсілдермен өтуге жаттықтыру. Төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Команда болып тапсырмаларды</p>
--	---	--	--	---	---

	<p>(сахналау)  <b>Мақсаты:</b> Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау, кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс-әрекеттерін, әсерлі көңіл күйлерін білдіре, сезіндіріп көрсету, рөлдерін дұрыс орындауын қадағалау.  <b>Әдіс-тәсіл:</b>  1. сұрақ-жауап  2. Күн, ай, жұлдыз туралы мазмұнды суреттер бойынша түсінік беру  3. өленді қайталап, жаттау  4. Дидактикалық ойын:  «Болады, болмайды»</p>	<p>төменгі қозғалысын ажырату, әнмен шеңберді айналып жүру. Ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа баулу.</p>	<p>дамыту. Екі тізенің ортасына допты қысып, екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Қолға допты ұстап, арканның астымен түрлі тәсілдермен өтуге жаттықтыру. Төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Команда болып тапсырмаларды орындауға баулу, мейірімділікке тәрбиелеу.</p>	<p>отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату, әнмен шеңберді айналып жүру. Ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа баулу.</p>	<p>орындауға баулу, мейірімділікке тәрбиелеу.</p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Балаларды партаға әдемі, тік отыруға үйрету.</p>	<p>Қаламдарын дұрыс ұстай білуге үйрету.</p>	<p>Балаларға тақпақты қайталап айтып, жаттауға үйрету.</p>	<p>Оқу құралдарын ұқыпты пайдалана білуге үйрету.</p>	<p>Еңбекке баулу: Гүлдерді суару, ойыншықтарды сөреге жинау</p>

Бекітемін: *Мад*

**ЦИКЛОГРАММА**

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің мектепалды даярлық «А» сыныбы  
Қаңтар айы ( 23.01– 27.01.2023ж.) ІV-апта  
Тәрбиеші: Орыналиева Б.С.

Күн тәртібі және оның қысқаша мазмұны	Апта күндері				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	1.Сауат ашу негіздері 2.Математика негіздері 3.Дене шынықтыру 4.Көркем әдебиет	1.Сауат ашу негіздері 2.Қоршаған ортамен таныстыру 3.Қазақ тілі 4.Музыка	1.Сөйлеуді дамыту 2.Математика негіздері 3.Көркем әдебиет 4.Дене шынықтыру-	1. Сауат ашу негіздері-1 2.Қоршаған ортамен таныстыру 3.Қазақ тілі 4.Музыка	1.Сөйлеуді дамыту 2.Математика негіздері 3. Жапсыру 4.Дене шынықтыру
Сәлеметсіз бе, балалар! Таңертеңгілік шеңбер. Ойындар. Гигиеналық шаралар. Сынып тазалығы. Топ бойынша: біріккен қызықты, іс-шаралар	Сәлем,достар! «Санамак» ойыны Мақсаты : кіші моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту	Сәлем,достар! Ойын жаттығу: Ойын: «Сымсыз телефон» Шарты: Естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізу	Сәлем,достар! Шаттанамын, күлемін Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Сәлем, достар! Дид/ойын: «Жұбын тап»	Сәлем,достар! «Сыйлығымды ал!» Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды ал! Ойын жаттығулары: «Отбасы мүшелерін ата».
«Ойнай отырып оқимыз» Кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	1.Сауат ашу негіздері: Тақырыбы: Дыбыстық талдау Міндеттері: 1. Сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету. 2. Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршау, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту. 3. Дұрыс	1.Сауат ашу негіздері: Тақырыбы: Дыбыстық талдау [ү] Міндеттері: Міндеттері: 1. Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру. 2. Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. 3. Дербес жұмыс істеу	1.Сөйлеуді дамыту: Тақырыбы:«Қыс қызықтары» Міндеттері: Қыс белгілері жайлы әңгімелесу.Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу. Әдіс- тәсілдері: 1. Сұрақ- жауап 2. Көрнекілікпен жұмыс. 3. Жұмбақ жасыру. 4. Сергіту сәті.	1.Сауат ашу негіздері: Тақырыбы: Дыбыстық талдау Міндеттері: Міндеттері: 1. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату. 2. Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру. 3. Мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	1.Сөйлеуді дамыту: Тақырыбы:« Қаңтар.» Міндеттері: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Балаларға өлең жаттатқызу, мақал-мәтел, жаңылтпашты қайталау, сөздік қорларын дамыту. Әдіс- тәсілдері: 1. Сұрақ- жауап 2. Көрнекілікпен жұмыс. 3. Жұмбақ жасыру.

	<p>Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. 3. Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. жұмбақ жасыру 2. сұрақ-жауап 3. видео-роликпен жұмыс 4. Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?» Тәрбиеші жетекшілігімен жүргізілетін ойын. 5. дәптермен жұмыс</p> <p><b>2. Математика негіздері:</b> <b>Тақырыбы:</b> «Кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні». <b>Мақсаты:</b> уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: кеше, бүгін, ертең,</p>	<p>сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту. 3. Білімпаз болуға тәрбиелеу</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. жұмбақ жасыру 2. сұрақ-жауап 3. видео-роликпен жұмыс 4. Дидактикалық ойын: «Кім көп сөз айта алады?» 5. дәптермен жұмыс Бақылау. Бағалау</p> <p><b>2. Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Боран қай кезде соғады?» <b>Мақсаты:</b> Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету. Қарапайым зерттеушілік және экологиялық мәдениет қалыптастыру. Қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтарын</p>	<p>кимыл-қозғалысын дамыту. Балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. жұмбақ жасыру 2. сұрақ-жауап 3. видео-роликпен жұмыс 4. Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?» Тәрбиеші жетекшілігімен жүргізілетін ойын; коммуникативтілікті дамыту; 5. дәптермен жұмыс</p> <p><b>2. Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> «Апта күндері» <b>Мақсаты:</b> уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру; реттік және есептік санау дағдыларын жетілдіру; зейін мен логикалық ойлауды дамыту. Дербестікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. Сұрақ-жауап</p>	<p>сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту. 3. Білімпаз болуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілі:</b> 1. Түсіндіру 2. жұмбақ жасыру 3. сұрақ-жауап 4. Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?» Тәрбиеші жетекшілігімен жүргізілетін ойын; 5. дәптермен жұмыс Бақылау. Бағалау «Үш шапалақ»</p> <p><b>2. Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қыстап қалатын құстар немен қоректенеді?» <b>Мақсаты:</b> Құстардың қыстағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін</p>	<p>жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілі:</b> 1. Көрсету 2. Түсіндіру 3. Сұрақ-жауап 4. Әңгімелесу 5. Сергіту сәті 6. Ойындар</p> <p><b>2. Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> «Апта күндері» <b>Мақсаты:</b> уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру; реттік және есептік санау дағдыларын жетілдіру; зейін мен логикалық ойлауды дамыту. Дербестікке тәрбиелеу</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. Сұрақ-жауап 2. Түсіндіру 3. Көрсету 4. Сергіту сәті 5. Дәптермен жұмыс</p> <p><b>3. Құрастыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жануарлар әлемі»</p>
--	---	--	---	--	---

<p>бүрсігүні; таңертең, күндіз, кеш, түн. Зейін мен жадты дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сұрақ-жауап</li> <li>2. Үлестірмелі құралдармен жұмыс жасау</li> <li>3. Сергіту сәті.</li> <li>4. Дамытушы ойын: «Топқа біріктіру»</li> </ol> <p>Заттарды ортақ қасиеті бойынша топтастырып біріктіру.</p> <p><b>3. Дене шынықтыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Аулада ойнайтын ойындар» (таза ауада).</p> <p><b>Мақсаты:</b> Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл-қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау. Түзу</p>	<p>арттыру. Құрбы-құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. жұмбақ жасыру</li> <li>2. әңгімелесу</li> <li>3. балаларға сурет бойынша әңгімелеп түсіндіру</li> <li>4. Дидактикалық ойын: «Қауіпті заттарды тап»</li> <li>5. Дамытушы ойын: №8 Еркін ойын</li> </ol> <p><b>3. Қазақ тілі</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ, жанылтпаш» ойыны</p> <p><b>Мақсаты:</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру жаңаны білуге деген құштарлықтарын</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>2. Түсіндіру</li> <li>3. Көрсету</li> <li>4. Сергіту сәті</li> <li>5. Дәптермен жұмыс</li> </ol> <p><b>3. Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қарлығаш пен дәуіт» (сахналау)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Сахнада еркін қимылдап, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету, театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып балалардың анық, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әңгімелесу</li> <li>2. Сұрақ-жауап</li> <li>3. Ойын</li> <li>4. Өз-өздерін бағалау</li> </ol> <p><b>4. Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b></p>	<p>қалыптастыру.</p> <p>Қарапайым ғылыми түсініктерін дамыту; заттарды салыстырғанда талдау қабілеттерін дамыту. Тірі нысандарға адамгершілік қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. жұмбақ жасыру</li> <li>2. әңгімелесу</li> <li>3. балаларға сурет бойынша әңгімелеп түсіндір</li> <li>4. Дамытушы ойын: «Қандай жануарлар көріп тұрсың?»</li> </ol> <p>Еркін ойын</p> <p><b>3. Қазақ тілі</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Өсем қала – Алматы»</p> <p><b>Мақсаты:</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліндегі</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету; қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту; сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жануарлардың суретін көрсету.</li> <li>2. Материалдарымен жұмыстарының әдіс-тәсілдерін ұсыну.</li> <li>3. Өз іс-тәжірибелерін пайдалануға бағыт беру</li> <li>4. Ойын іс-әрекетімен жалғастыру.</li> </ol> <p><b>4. Дене шынықтыру.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Хоккей ойнаймыз! (таза ауада)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері</p>
--	---	--	--	--

	<p>жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге жаттықтыруды жалғастыру, допты соға білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. ә) Айналып тұрған арканның астымен түрлітәсілмен жүгіріп өтуге жаттықтыру. Айналып тұрған арқан астымен шапшаң өтіп кету сапасын дамыту.</p> <p><b>4.Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Қарлығаш пен дәуіт»(сахналау)  <b>Мақсаты:</b> Сахнада еркін қимылдап, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету, театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып балалардың анық, дұрыс сөйлеу мәдениетін</p>	<p>арттыру және қайырымдылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b>  1.Сұрақ-жауап 2. Мемлекттік рәміздер туралы мазмұнды суреттер бойынша түсінік беру. 3. Мемлекттік рәміздер туралы өлеңді жаттату  4.Дидактикалық ойын:  <b>4. Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Қыс қызығы».  <b>Мақсаты:</b> Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Өннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Өуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе</p>	<p>«Асықпен ойналатын ойындар»  <b>Мақсаты:</b> Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету.  Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру.  Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуды бекіту.  Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту</p>	<p>сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. Алматы қаласын мақтан тұтуға тәрбиелеу  <b>Әдіс-тәсілдері:</b>  1. Сұрақ-жауап 2. Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан туралы мазмұнды суреттер бойынша түсінік беру.  3. Дамытушы ойын Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан туралы суреттер.  <b>4. Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Қыс қызығы».  <b>Мақсаты:</b> Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Өннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық</p>	<p>бағытта ұшыруға үйрету.Жұпта қасына қарай аттау арқылы қозғала отырып заттарды орнынан басқа жерге апаруға, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруге, түсетін күшті мөлшерлеп бөлуге жаттықтыру.Қимыл қозғалыс тапқырлығын, көзмөлшері мен спорттық құрал-жабдықтарын қолданғанда зейінін шоғырландырып, тұрақтандыруын дамытуды жалғастыру</p>
--	---	---	---	---	---

	<p>калыптастыру, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену тәрбиелеу</p> <p><b>Әдіс-тәсіл:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. сұрақ-жауап</li> <li>2. Қарлығашпен дәуіт туралы мазмұнды суреттер бойынша түсінік беру</li> </ol>	кішігірім топпен ойнау		бейнесі мен динамикасын дәл беру. Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау	
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Балаларға мақал – мәтел айтқызып үйрету.	Қаламдарын дұрыс ұстай білуге үйрету.	Балаларға жаңылтпаштар қайталап айтып, жаттауға үйрету.	Балаларға жұмбақ жасырып, шешуін табуды үйрету..	Еңбекке баулу: Гүлдерді суару, ойыншықтарды сөреге жинау

Бекітемін: *Жедел*

**ЦИКЛОГРАММА**

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің мектепалды даярлық «А» сыныбы

Ақпан айы (30.01-3.02.2022ж.) 4-апта

Тәрбиеші: Орыналиева Б.С.

Күн тәртібі және оның қысқаша мазмұны	Ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Апта күндері				
	<u>Дүйсенбі</u>	<u>Сейсенбі</u>	<u>Сәрсенбі</u>	<u>Бейсенбі</u>	<u>Жұма</u>
	1.Сауат ашу негіздері 2.Математика негіздері 3.Дене шынықтыру 4.Көркем әдебиет	1.Сауат ашу негіздері 2.Қоршаған ортамен таныстыру 3.Қазақ тілі 4.Музыка	1.Сөйлеуді дамыту 2.Математика негіздері 3.Көркем әдебиет 4.Дене шынықтыру-	1. Сауат ашу негіздері-1 2.Қоршаған ортамен таныстыру 3.Қазақ тілі 4.Музыка	1.Сөйлеуді дамыту 2.Математика негіздері 3.Сурет салу 4.Дене шынықтыру
Сәлеметсіз бе, балалар! Танертеңгілік шеңбер. Ойындар. Гигиеналық шаралар. Сынып тазалығы. Топ бойынша: біріккен қызықты, іс-шаралар	«Шапалақ, сәлем!» Қуаң, шаттаң, қуаң шаттаң. Қуанатын күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы таң Қүліп шықты күн бүгін	«Ақ тілек» Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	«Дос» Досың сені қалдырмайды қиынға, Сұрамайды сенен артық бұйым да. Нағыз дос деп осыны айт, Көңілдердің хошын айт!	«Амансың ба, алтын күн!» Амансың ба, алтын күн! Амансың ба көк аспан! Амансың ба достарым! Сендерді көрсем қуанам	Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. Көк аспанда күн күлсін, Ұл қолында ту жүрсін. Қыз қолында гүл жүрсін, Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін.
«Ойнай отырып оқимыз» Кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	1.Сауат ашу <b>Тақырыбы:</b> Дыбыстық талдау? Мақсаты: 1. Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. 2. Сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру. 3. Дербес жұмыс істеу	1.Сауат ашу <b>Тақырыбы:</b> Дыбыстық талдау Мақсаты: 1. Сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету. 2. Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршау, жасалу жолдарын естеріне түсіру	1.Сөйлеуді дамыту <b>Тақырыбы:</b> Кеме (өлең) Мақсаты: Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру.Есте сақтау, танымдық қабілеттерін байқағыштығын дамыту. Еңбекүйгіштікке тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілдері:</b>	1.Сауат ашу <b>Тақырыбы:</b> Сөйлем Мақсаты: 1. Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету. 2. Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту. 3. Ойын арқылы көшбасшы	1.Сөйлеуді дамыту <b>Тақырыбы:</b> Кеме (өлең) Мақсаты: Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру. Есте сақтау, танымдық қабілеттерін байқағыштығын дамыту. Еңбекүйгіштікке тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілі:</b>

	<p>ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. 3. Ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. жұмбақ жасыру 2. сұрақ-жауап 3. видео-роликпен жұмыс 4. Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?» Тәрбиеші жетекшілігімен жүргізілетін ойын. 5. дәптермен жұмыс</p> <p><b>2. Математика негіздері:</b> <b>Тақырыбы:</b> Геометриялық пішіндегі заттар <b>Мақсаты:</b> пішін мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табуға үйрету. Зейінді, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. Сұрақ-жауап 2. Үлестірмелі</p>	<p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. жұмбақ жасыру 2. сұрақ-жауап 3. видео-роликпен жұмыс 4. Дидактикалық ойын: «Кім көп сөз айта алады?» 5. дәптермен жұмыс</p> <p>Бақылау. Бағалау «Үш шапалақ»</p> <p><b>2. Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Орман <b>Мақсаты:</b> Қылқанжапырақты ағаштар мен қарағай ормандарын мекендейтін жануарлар арасындағы байланыстар туралы түсінік қалыптастыру. Топпен жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынды әлеуметтік компетенцияларды дамыту. Туған табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу</p> <p><b>3. Қазақ тілі</b></p>	<p>тәрбиелеу 1. жұмбақ жасыру 2. сұрақ-жауап 3. «Жарық шамы» ойыны 4. Дидактикалық ойын: «Қай мамандық иесі?» Тәрбиеші жетекшілігімен жүргізілетін ойын; 5. карточкалармен жұмыс</p> <p><b>2. Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Геометриялық пішіндегі заттар <b>Мақсаты:</b> пішін мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табуға үйрету. Зейінді, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. Сұрақ-жауап 2. Түсіндіру 3. Көрсету 4. Сергіту сәті 5. Дәптермен жұмыс</p> <p><b>3. Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> Үш қыз (татар халық ертегісі) <b>Мақсаты:</b> Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдауға, баяндауға баулу.</p>	<p><b>Әдіс-тәсілі:</b> 1. Түсіндіру 2. жұмбақ жасыру 3. сұрақ-жауап 4. Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?» Тәрбиеші жетекшілігімен жүргізілетін ойын; 5. дәптермен жұмыс</p> <p>Бақылау. Бағалау «Үш шапалақ»</p> <p><b>2. Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Жыл мезгілдері: қыс, көктем. Белгілері. <b>Мақсаты:</b> Қыс және көктем мезгілінің белгілері туралы білімдерін тереңдету; осы мезгілдерге тән маусымдық құбылыстармен таныстыру. Байланыстырып сөйлеу, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін теңеу сөздерді қолданып сипаттай алу дағдыларын дамыту. Табиғатты сүйеге, қорғауға тәрбиелеу; маусымға сәйкес киініп жүруге, денсаулығын күтуге үйрету</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. жұмбақ жасыру 2. әңгімелесу 3. балаларға сурет бойынша әңгімелеп</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> Пішіндер неге ұқсайды? <b>Мақсаты:</b> қоршаған орта заттарының нысаны туралы ұғым қалыптастыру. Қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға, есептерді шығарған кезде ойлануға, әртүрлі белгілер бойынша салыстыруға үйрету. Зейінді, жады мен сөйлеу дағдысын дамыту. Дербестікке баулу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> 1. Сұрақ-жауап 2. Түсіндіру 3. Көрсету 4. Сергіту сәті 5. Дәптермен жұмыс</p> <p><b>3. Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> Автобус (Түрлі түсті қарындаштар) <b>Мақсаты:</b> білімділік: балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білім беру; дамытушылық: заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру, оларды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру;</p>
--	--	---	---	--	---

Бекітемін: *Түсінік*

**ЦИКЛОГРАММА**

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің мектепалды даярлық «Ә» сыныбы

Қаңтар айы ( 02.01-06.01.2023ж.) ІІІ апта

Тәрбиеші: Мамилина А.Т.

Күн тәртібі және оның қысқаша мазмұны	Апта күндері				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
